

Турабеков Манас Рамазонович

8D09102- «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін ұсынған «Мал шаруашылығы нысандарын профилактикалық дезинфекциялауға арналған қауіпсіз қосылыстар негізінде дезинфекциялық заттарды даярлау» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысына ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу.

Бүгінгі таңда жануарлардың өнімділігін және жануарлардан алынатын өнімдердің, шикізаттың және жемшөптің санитарлық сапасын арттыруды қамтамасыз ететін ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүйесінде дезинфекция маңызды орындардың бірін алады. Дезинфекция деп қоршаған орта объектілеріндегі немесе ондағы патогендік және шартты-патогендік микроорганизмдерді жою мен түсіндіріледі. Жұқпалы аурулардың алдын алу және жою шарасы ретінде дезинфекцияның тиімділігі көбінесе, оны жүзеге асырудың кешенділігіне байланысты. Тіпті жануарларға арналған қора-жайларды толық зарарсыздандыру, жұмыстарын толық қанды қол жеткізу мүмкін болса да, егер де қалған объектілер (қызмет көрсету қызметкерлерінің киімі мен аяқ киімі, тазалау жабдықтары, шаруашылықтағы көлік және ең бастысы, жануардың өзі, яғни оның терісі мен жүнінде патогенді микроорганизмдер ұзақ уақыт бойы сақталуы мүмкін) дезинфекцияланбай қалған жағдайда, инфекциялық принциптің таралу жолдары мен факторлары жойылмай қауіптілігін тудырады.

Докторанттың ғылыми зерттеулерінің маңызды бағыттарының бірі – жануарлар мен құстардың қатысуымен қолданылатын және олардың ағзасына улы әсер етпейтін препараттарды жасау болды. Мұндай препараттарды қолдану дезинфекцияны қажетті уақытта (қажет болған жағдайда) жүргізуге және жануарларды ұстау жағдайларын оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашу.

Докторант зерттеу жұмысының ғылыми негіздемесі мен әдіснамалық тұжырымдары ветеринариялық гигиена, микробиология және эпизоотология салаларындағы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, қора-жай ауасының микробтық ластану деңгейін анықтау үшін И.И. Гуславский, Ж.Б. Мырзабеков, П.Ш. Ибрагимов, О.О. Тагаев және басқа да жетекші ғалымдар ұсынған әдістемелік нұсқауларды басшылыққа алған. Аталған әдістемелер өндірістік жағдайларда микробиологиялық талдау жүргізудің тиімді әрі сенімді жолдарын сипаттап, алынған нәтижелердің ғылыми нақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Дәрілік-заттардың физикалық-химиялық қасиеттері бірнеше әдістердің көмегімен анықталған: Органолептикалық бағалау, оның ішінде сыртқы түрін визуалды және иісті анықтау. Сутегі иондарының концентрациясы (рН

мәні) ионометр (pH - метр) И - 160 көмегімен потенциометриялық жолмен анықталған: pH = -1...+14; 0,01 pH, ерітінділердің осмостық қысымы KNAUER миллиосмометрінің көмегімен, ерітінділердің беттік керілуі Траубе сталагмометрінің көмегімен, коррозиялық белсенділік МЕМСТ 9.908-85 «Металдар мен қорытпалар. Коррозия көрсеткіштері мен коррозияға төзімділігін анықтау әдістері» мемлекеттік стандартына сәйкес анықтау жұмыстарын жүргізген.

Тексерілетін композициялардың бактерицидтік белсенділігі агарға диффузия жасау әдісі, Куликовтің зерттеулеріндегі әдісі бойынша сериялық сұйылту тәсілі, фенолдық коэффициентті, ақуыз индексін анықтау көрсеткіштері зерттелген.

Сонымен қатар, зерттеудің құрылымы мен эксперименттік бөлімінде санитариялық-гигиеналық бағалау әдістері, микробиологиялық сынамалар алу және оларды өңдеу тәртіптері қазіргі заманғы талаптарға сай жүргізілген.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі.

Ғылыми зерттеулер барысында дезинфекциялық композицияларды жасау үшін йод, сутегі асқын тотығы және басқа да бірқатар химиялық заттарды пайдаланып, отандық екі композициялық препарат құрастырылған.

Құрастырылған композициялық препараттардың pH деңгейі 5,95-тен 7,76-ға дейінгі аралықта болып, бейтарап ортаға жататынын көрсетеді.

Профилактикалық дезинфекция тиімділігін арттыру үшін «Алатау құс» АҚ мен «Амиран Агро» ЖШС өндірістік базаларында сутегі асқын тотығы мен йод негізіндегі дезинфекциялық композицияларды аэрозоль және көбік түрінде қолдану әдістері зерттелген. Зерттеулер барысында «Алатау құс» АҚ-да ет бағытындағы бройлер тауықтары 40 күнге дейін ұсталады. Осыған байланысты, профилактикалық дезинфекциялау құстарды қораға орналастырғаннан кейін алғашқы 20 күн ішінде жүргізілуі тиіс, ал дезинфекция жиілігі - 20 және 40 күнге сәйкес келуі қажет. Ал, «Амиран Агро» ЖШС-де аэрозоль және көбік әдістерін қолданғаннан кейін 30 күн өткенде ауадағы микроорганизмдердің шоғырлануы: $78,3 \pm 8,4$: $71,6 \pm 8,2$ мың КТБ/м³ болған. Осыған орай, бұл шаруашылықта профилактикалық дезинфекция әр 30 күн сайын, яғни жыл бойы ай сайын жүргізілуі керек деп қорытындылаған ақпараттар зерттеудің ғылыми негізділігін көрсетеді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы.

Докторант дайындаған диссертациялық жұмыстың құрылымдық және мазмұндық тұтастығы зерттеу тақырыбының өзектілігі мен практикалық маңыздылығы бір-біріне толық сәйкес келетіндігін көрсетіп отыр. Қойылған мақсат пен міндеттер нақты әрі жүйелі түрде орындалып, оларды шешу барысында алынған нәтижелер жоғары ғылыми деңгейде талдау жасалып, келтірілген сандық көрсеткіштер мен тұжырымдар бір-бірін толықтырып, зерттеудің сапасын арттыруға негіз бола алады.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.

М.Турабековтің диссертациялық жұмыстың тәжірибелік зерттеулеріне қосқан жеке үлесі айрықша мәнге ие. Ол ғылыми жұмыстың барлық кезеңдеріне – зерттеу тақырыбын таңдаудан бастап, ғылыми жетекшілерді

бекіту, әдеби дереккөздерді жинақтау мен сараптау, дезинфекциялық композициялардың белсенді заттарына кешенді мониторинг жүргізуге дейін - тікелей және толыққанды қатысып, өз белсенділігін танытты.

Аталған еңбектің нәтижесінде сутегі асқын тотығы мен йод негізінде жоғары тиімді дезинфекциялық композициялар жасалып, олардың инновациялық ерекшелігі танылып, зияткерлік меншік ретінде қорғалды. Бұл жетістіктер келесі пайдалы модельдерге берілген патенттермен рәсімделді:

1. Дезинфицирующее средство / Пайдалы модельге патент №8944, 20 наурыз 2024 ж.

2. Дезинфицирующее средство / Пайдалы модельге патент №8959, 29 наурыз 2024 ж.

Осы патенттер М.Турабековтың ғылыми ізденістерінің өзектілігі мен маңызын нақтылай отырып, оның диссертациялық жұмысының тәжірибелік құндылығы зор екенін дәлелдейді. Диссертанттың бұл үлесі отандық ветеринариялық ғылымға және ауыл шаруашылығы өндірісіне қосылған елеулі жаңалық болып табылады.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.


Докторант М.Турабеков диссертациялық жұмысын орындау барысында ғылымға деген шынайы қызығушылығын, зерттеуге деген жауапкершілігін және шығармашылық көзқарасын айқын көрсетті. Эксперименттік зерттеулер кезінде ол заманауи әдістемелерді, инновациялық технологиялар мен техникалық құрал-жабдықтарды шебер қолдана отырып, ғылыми тапсырмаларды жоғары деңгейде орындап шықты.

М.Турабеков теориялық білімін практикалық тәжірибемен ұштастырып, өндірістік жағдайларда туындайтын нақты мәселелерді шешуде өз білімін тиімді пайдалана отырып, болашақта бәсекеге қабілетті, заманауи талаптарға сай келетін ғалым ретінде қалыптасқанын дәлелдеді.

Қорытынды.

Докторант Турабеков Манас Рамазонович «Мал шаруашылығы нысандарын профилактикалық дезинфекциялауға арналған қауіпсіз қосылыстар негізінде дезинфекциялық заттарды даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жоғарғы деңгейде дайындалғанын ескере отырып, докторантты 8D09102- «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,
«ҚазҰАЗУ» КЕАҚ «Фармакология және
жануарлар патологиясы» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры, Ph.D.



К. Алиханов

К. Алихановтың қойған қолын растаймын.
«ҚазҰАЗУ» КЕАҚ, бас ғылыми хатшысы, э.ғ.д.
профессор

РАСТАЙМЫН
ҚазҰАЗУ-ның ғылыми кеңесшісі
Хатшысы
2024 ж. 09.06.28

Ү. Керимова